



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ақ жол» Қазақстан демократиялық
партиясы фракциясының депутаттарына

2026 жылғы 23 сәуірдегі № ДС-135 сауалына

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Таяу Шығыс өңіріндегі әскери-саяси жағдайға байланысты Қазақстан азаматтарын эвакуациялау мәселелері жөніндегі сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан Таяу Шығыс елдерінен Қазақстан Республикасының азаматтарын ауқымды эвакуациялау жұмыстары жүргізілді.

Эскалация басталған сәттен бастап уәкілетті органдардың жәрдемімен қақтығыс орындарынан елімізге 66 рейс ұйымдастырылды, оның ішінде 27 рейстің шығыны республикалық бюджет қаражаты есебінен төленетін болады. Қалған 39 коммерциялық рейске билеттерді азаматтар өздері сатып алды.

Коммерциялық рейстерді басқа елдердің де әуе компаниялары орындағанын ескерсек, эвакуацияға жұмсалған шығындардың жалпы сомасын анықтау мүмкін емес.

Жалпы дағдарыс жағдайларына жедел әрекет ету мақсатында Қазақстан Республикасының азаматтарын эвакуациялау іс-шараларын ұйымдастыруға Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің «Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдегі құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша қаражат қарастырылған.

«Туристік Қамқор» қоры Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарын кепілдендіру жүйесінің әкімшісі болып табылады (бұдан әрі – Жүйе әкімшісі).

Ұйымдастырылған туристер – бұл Кепілдендіру жүйесіне қатысушы туроператорлардан тур сатып алған, туристік код берілетін тұлғалар. Туристік код туристің Кепілдендіру жүйесі аясында қорғалатынын растайды.

Таяу Шығыс аумағындағы жағдай ушыққан кезде онда туристік коды бар Қазақстан Республикасының 4 000-ге жуық ұйымдастырылған турисі болған.

Жүйе әкімшісі туроператорлармен бірлесіп шамамен 3 000 (үш мың) ұйымдастырылған туристі орналастыру орындарымен қамтамасыз етіп, тамақтандырды.

Сонымен қатар оларды кейін эвакуациялық және репатриациялық рейстермен жөнелту үшін әуежайларға жеткізу мәселесі үйлестірілді.

Бұған қоса, қауіпсіздік жағдайы нашарлаған өңірлерге азаматтардың шығуына қатысты алдын алу шараларын күшейту қажеттігі байқалды.

Эвакуациялық кезеңде кейбір азаматтардың қақтығыс аймақтарына сапарын жалғастыруы қосымша жүктеме туғызды.

Осыған байланысты мұндай өңірлерге шығуды уақытша шектеуге мүмкіндік беретін заңнамалық тетіктер әзірленетін болады.

***Анықтама:** эвакуациялау жұмыстары жүріп жатқан кезеңде Алматы қаласынан Дубай мен Шарджа қалаларына 191 азаматымыздың ұшып барған фактілері тіркелді.*

Осыған орай дағдарыс жағдайларында ұлттық және отандық әуе тасымалдаушыларын жедел жұмылдыру тәртібін жетілдіру, сондай-ақ төтенше жағдайлар мұқтаждығы үшін арнайы әуе кемелерін сатып алу мүмкіндіктерін қосымша қарастыру жоспарлануда.

2026 жылғы 10 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берілген Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау шеңберінде 2026 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп сақтандыру секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасының жобасын және «Сақтандыру қызметі туралы» жаңа Заңның жобасын әзірлеуге кірісті.

Осыған байланысты сақтандыру саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің форматын кеңейту және әлеуетін нығайту мәселелері сақтандыру туралы жаңа заң жобасын әзірлеу кезінде қаралатын болады.

Жоғарыда аталған шаралар болашақта осындай төтенше жағдайлар кезінде әрекет етудің тиімділігін арттыруға, мемлекеттік және жеке сектор арасындағы өзара іс-қимылды жүйелеуге, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Осылайша, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының азаматтарын қақтығыс аймағынан эвакуациялау жөніндегі жұмыстарды аяқтау жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдады.

Бұл жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі тұрақты бақылауында.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

О. Бектенов